

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY

Педагогика және психология

Ғылыми-әдістемелік журнал
2009 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Педагогика и психология
Научно-методический журнал
Издается с сентября 2009 года

Pedagogy and Psychology
Research journal
Since september 2009

2(39) 2019

2

БАС РЕДАКТОР

Т. Балықбаев – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы

Бас редактордың орынбасары: **Момбек А.А.** – п.ғ.к., қауым.профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ); жауапты хатшы: **Исалиева С.Т.** – э.ғ.м. (Абай атындағы ҚазҰПУ); **Абылкасымова А.Е.** – п.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ); **Беркімбаева Ш.К.** – п.ғ.к., профессор (Педагогикалық шеберлік орталығы, Алматы); **Иманбаева С.Т.** – п.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ); **Кулсариева А.Т.** – ф.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ); **Менлибекова Г.Ж.** – п.ғ.д., профессор (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ); **Намазбаева Ж.И.** – п.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ); **Стукаленко Н.М.** – п.ғ.д., профессор (Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау МУ); **Таубаева Ш.Т.** – п.ғ.д., профессор (аль-Фараби атындағы ҚазҰУ); **Шайбакова Д.Д.** – ф.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ); **Айтбаева А.Б.** – п.ғ.к., профессор (аль-Фараби атындағы ҚазҰУ); **Искакова А.О.** – п.ғ.к., доцент (Т.Жүргенов атындағы ҰӨА); **Искакова А.Т.** – п.ғ.к., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ); **Касен Г.А.** – п.ғ.к., қауым.профессор (аль-Фараби атындағы ҚазҰУ); **Сагинтаева А.К.** – ф.ғ.к., доцент (Назарбаев Университеті); **Сакенов Д.Ж.** – п.ғ.к., профессор (Павлодар МПУ).

Халықаралық редакция кеңесі

Абдуллин Э.Б. – п.ғ.д., профессор (Мәскеу МПУ, Ресей); **Бейляров Э.** – п.ғ.д., профессор (Әзірбайжан БМ ББИ, Әзірбайжан); **Вежбински Я.** – ф.ғ.д., профессор (Лодзь университеті, Польша); **Гура Т.Е.** – п.ғ.д., профессор (Запорожье ОДК ПББИ, Украина); **Калдыбаева А.Т.** – п.ғ.д., профессор (И.Арабаев атындағы Қырғыз МУ); **Кенжеғалиева М.Д.** – ф.ғ.д., профессор (Лейпциг университеті, ФРГ); **Колева И.** – доктор, профессор (Климент Охридский атындағы София университеті, Болгария); **Мардахаев Л.В.** – п.ғ.д., профессор (Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті, Ресей); **Тастанбекова К.** – PhD, қауымдастырылған профессор (Цукуба университеті, Жапония); **Федосенко Е.В.** – PhD, доцент (Балтық гуманитарлық институты, Санкт-Петербург, Ресей); **Юко Момити** – әдебиет докторы, профессор (Васеда университеті, Жапония).

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Балықбаев Т.О. – доктор педагогических наук, профессор

Редакционный совет

Момбек А.А. – заместитель главного редактора, к.п.н., асс.профессор (КазНПУ имени Абая); **Исалиева С.Т.** – ответственный секретарь, м.с.н. (КазНПУ имени Абая); **Абылкасымова А.Е.** – д.п.н., профессор (КазНПУ имени Абая); **Беркімбаева Ш.К.** – к.п.н., профессор (Центр педагогического мастерства, Алматы); **Иманбаева С.Т.** – д.п.н., профессор (КазНПУ имени Абая); **Кулсариева А.Т.** – д.философ.н., профессор (КазНПУ имени Абая); **Менлибекова Г.Ж.** – д.п.н., профессор (ЕНУ имени Л.Н.Гумилева); **Намазбаева Ж.И.** – д.п.с.н., профессор (КазНПУ имени Абая); **Стукаленко Н.М.** – д.п.н., профессор (Кокшетауский ГУ имени Ш.Уалиханова); **Таубаева Ш.Т.** – д.п.н., профессор (КазНУ имени аль-Фараби); **Шайбакова Д.Д.** – д.филолог.н., профессор (КазНПУ имени Абая); **Айтбаева А.Б.** – к.п.н., профессор (КазНУ имени аль-Фараби); **Искакова А.О.** – к.п.н., доцент (КазНАИ имени Т.Жүргенова); **Искакова А.Т.** – к.п.н., профессор (КазНПУ имени Абая); **Касен Г.А.** – к.п.н., асс.профессор (КазНУ имени аль-Фараби); **Сагинтаева А.К.** – к.филолог.н., доцент (Назарбаев Университеті); **Сакенов Д.Ж.** – к.п.н., профессор (Павлодарский ГПУ).

Международный редакционный совет

Абдуллин Э.Б. – д.п.н., профессор (МГПУ, Москва, Россия); **Бейляров Э.** – д.п.н., профессор (Институт образования МО Азербайджана, Баку); **Вежбински Я.** – д.гуманитар.н., профессор (Лодзинский университет, Польша); **Гура Т.Е.** – д.п.с.н., профессор (Запорожский ОИ ППО, Украина); **Калдыбаева А.Т.** – д.п.н., профессор (Кыргызский ГУ имени И.Арабаева); **Кенжеғалиева М.Д.** – д.философ.н., профессор (Лейпцигский университет, ФРГ); **Колева И.** – доктор, профессор (Университет Климент Охридского, София, Болгария); **Мардахаев Л.В.** – д.п.н., профессор (РГСУ, Москва, Россия); **Тастанбекова К.** – PhD, асс.профессор (Университет Цукуба, Япония); **Федосенко Е.В.** – доктор PhD, доцент (Балтийский ГИ, С-Петербург, Россия); **Юко Момити** – д.литературы, профессор (Университет Васеда, Япония)

CHIEF EDITOR

Balykbayev T.O. – doctor of pedagogical sciences, professor

Editorial council

Mombek A.A. – deputy editor, candidate of pedagogical sciences, associate professor (Abai KazNPU); **Issaliyeva S.T.** – executive secretary, master of social sciences (Abai KazNPU); **Abilkassymova A.E.** – doctor of pedagogical sciences, professor (Abai KazNPU); **Berkimbayeva Sh.K.** – candidate of pedagogical sciences, professor (The Center of Pedagogical Mastery, Almaty); **Imanbayeva S.T.** – doctor of pedagogical sciences, professor (Abai KazNPU); **Kulsariyeva A.T.** – doctor of philosophical sciences, professor (Abai KazNPU); **Menlibekova G.Zh.** – doctor of pedagogical sciences, professor (L.N.Gumilyov ENU); **Namazbayeva Zh.I.** – doctor of psychological sciences, professor (Abai KazNPU); **Stukalenko N.M.** – doctor of pedagogical sciences, professor (Sh.Ualikhanov Kokshetau StU); **Taubayeva Sh.T.** – doctor of pedagogical sciences, professor (al-Farabi KazNU); **Shaybakova D.D.** – doctor of philological sciences, professor (Abai KazNPU); **Aytbaeva A.B.** – candidate of pedagogical sciences, professor (al-Farabi KazNU); **Iskakova A.O.** – candidate of pedagogical sciences, associate professor (N.Zhurgenov KazNAA); **Iskakova A.T.** – candidate of pedagogical sciences, professor (Abai KazNPU); **Kassen G.A.** – candidate of pedagogical sciences, associate professor (al-Farabi KazNU); **Sagintayeva A.K.** – candidate of philological sciences, associate professor (Nazarbayev University); **Sakenov D.Zh.** – candidate of pedagogical sciences, professor (Pavlodar SPU).

International Editorial Board

Abdullin E.B. – doctor of pedagogical sciences, professor (Moscow SPU, Russia); **Beilyarov E.** – doctor of psychological sciences, professor (Education Institute of the Ministry of Education of Azerbaijan, Baku); **Vezhbinski Ya.** – doctor of humanitarian sciences (University of Lodz, Poland); **Gura T.E.** – doctor of psychological sciences, professor (Zaporizhzhya Regional Institute of Postgraduate Pedagogical Education, Ukraine); **Kaldybayeva A.T.** – doctor of pedagogical sciences, professor (I.Arabayev Kyrgyz State University); **Kenzhegaliyeva M.D.** – doctor of pedagogical sciences, professor (Leipzig University, FRG); **Koleva I.** – doctor, professor (Kliment Ohridski Sofia University, Bulgaria); **Mardakhayev L.V.** – doctor of pedagogical sciences (Russian State Social University, Russia); **Tastanbekova K.** – PhD, associate professor (University of Tsukuba, Japan); **Fedosenko E.V.** – PhD, associate professor (Baltic Humanitarian University, Saint-Petersburg, Russia); **Momiyuti Yuko** – doctor of Literature, professor (Waseda University, Japan).

Учредитель: Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК

24 июня 2009 г. №10219-Ж

Периодичность 4 раза в год

Адрес редакции:

050010, Алматы, пр. Достық, 13, телефон 291-91-82



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Біздің журналдың отыз тоғызыншы шығарылымында «Педагогика және психология әдіснамасы мен теориясы» бөлімінде жоғары оқу орындарын басқарудың функционалдық-оңтайландырылған тәсілі, кәметке толмағандардың қылмыстық істерінде арнайы психологиялық-педагогикалық білімді қолдану теориясындағы ғылыми принциптері, 3D виртуалды оқыту бойынша заманауи педагогикалық зерттеулер, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының сөздікпен жұмыс істей білуінің құрылымдық-мазмұндық моделі қамтылған.

«Қолданбалы психология және психотерапия» айдарында интернетке психологиялық тәуелділіктің алдын алу, ажырасқан отбасылардағы балалар психологиясы, балалардың психикалық дамуына ойын қызметінің әсері және қазіргі қоғамдағы кәсіби психологтың дайындығы мәселелері қарастырылады.

«Білім берудегі инновациялар» айдарындағы ғылыми мақалаларда оқушылардың оқудан тыс қызметі шеңберінде ақпараттық технологияларды қолдану қағидалары мен шарттары, бос уақыт саласындағы «педагогикалық инновация» ұғымын түсіндіру мәселелері, ХХІ ғасырдың құзыреттілігін өзектендірудегі ЖОО-ның жастардың ғылыми және шығармашылық бірлестіктерінің әлеуеті баяндалды.

«Білім беру мәселелері мен болашағы» атты бөлімде студенттердің жобалық және ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығын қалыптастыру, кәсіби білім беру жағдайында көпмәдениетті тұлғаны дамыту, мектепке дейінгі баланың ақпараттық мәдениетінің негіздерін қалыптастырудағы коммуникативтік белсенділік, қазіргі аудиторияда қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері, бастауыш сынып оқушыларының сөздікпен жұмыс істей білуін жетілдіру мәселелері баяндалған материалдарға ерекше назар аударылды.

«Оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары» айдарында орыс тілі шет тілі ретінде оқытудың коммуникативтік әдісі контекстінде көркем мәтіндер

ұсынылған, сондай-ақ жобалық іс-әрекет процесінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мәселелері, грек-рим күресі бойынша маманданған спортшылардың алақаттық-анаэробтық жұмысқа қабілеттілігін бағалау, массмедианың дәлелді-әсер ететін дискурсының ұтымды-прагматикалық ерекшелігі қарастырылады.

«Мәңгілік Ел» «ұлттық идеясы контекстіндегі білім, мәдениет және өнер» бөлімінде қамтылған материалдарында «инновация» термині мен оның қазақстандық хореографияның қазіргі заманғы проблемаларына арналған проекциядағы маңыздылығы, қазіргі кезеңдегі мюзикл мен рок-операның отандық жанрын дамыту, Ұлы дала халқының ежелгі музыкалық аспаптарын зерделеу және оларды сақтау, Қазақстанның орындаушылық өнері мен ұлттық композиторлық мектеп, сондай-ақ жалпы білім беретін мектеп жағдайында жасөспірімдердің ұлттық сана-сезімін дамыту қамтылады.

«Рухани жаңғыру: ғылыми, білім беру және мәдени кеңістік» бөлімінде оқушылардың моральдық-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі, арт-индустрияның болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі, қазақ халқының рухани жаңғыруы идеясының негізінде оқушыларды ұлттық тәрбиелеу және тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру көрсетілген.

Журналдың редакциялық Кеңесінің атынан Алматы Мүшелбайұлы Құмаржанов пен Әлия Әнуарбекқызы Момбекті мерейтойларымен құттықтаймыз! Алдағы уақытта шығармашылық жеңістер мен жана жетістіктер тілейміз.

Құрметпен,
бас редактор

Т. Балықбаев

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

В тридцать девятом выпуске нашего журнала в разделе «Методология и теория педагогики и психологии» изложены функционально-оптимизационный подход управления вузами, научные принципы в теории применения специальных психолого-педагогических знаний в уголовных делах несовершеннолетних, современные педагогические исследования по 3D виртуальному обучению, а также структурно-содержательная модель умения работать со словарем у учащихся начальных классов.

Интересен материал в рубрике «Прикладная психология и психотерапия», где рассматриваются вопросы профилактики психологической зависимости от интернета, психологии детей в разведенных семьях, влияния игровой деятельности на психическое развитие детей и подготовки профессионального психолога в современном обществе.

В статьях ученых рубрики «Инновации в образовании» изложены принципы и условия использования информационных технологий в рамках внеучебной деятельности школьников, вопросы трактовки понятия «педагогическая инноватика» в сфере досуга, потенциал вузовских молодежных научных и творческих объединений в актуализации компетенций XXI века.

Особое внимание следует обратить на материалы, раздела «Проблемы и перспективы образования», в котором изложены вопросы формирования готовности студентов к проектной и научно-исследовательской деятельности, поэтапного развития поликультурной личности в условиях профессионального образования, коммуникативной активности в формировании основ информационной культуры дошкольника, эффективных методов обучения казахскому языку в современной аудитории, совершенствования умения работать со словарем у учащихся начальных классов.

В рубрике «Современные методики и технологии обучения» представлены художественные тексты в контексте коммуни-

кативного метода обучения РКИ, а также рассматриваются проблемы формирования творческой активности будущих учителей в процессе проектной деятельности, оценка алактатно-анаэробной работоспособности спортсменов, специализирующихся по греко-римской борьбе, рационально-прагматическая специфика аргументативно-воздействующего дискурса массмедиа.

Вызовут интерес материалы раздела «Образование, культура и искусство в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел», в котором представлены термин «инновация» и его свойства в проекции на современные проблемы казахстанской хореографии, развитие отечественного жанра мюзикла и рок-оперы на современном этапе, изучение древних музыкальных инструментов народа великой степи и их сохранение, исполнительское искусство Казахстана и национальная композиторская школа, а также развитие национального самосознания подростков в условиях общеобразовательной школы.

В разделе «Рухани жаңғыру: научное, образовательное и культурное пространство» представлены роль средств массовой информации в формировании морально-нравственных ценностей учащихся, коммуникативная компетенция будущих специалистов арт-индустрии, национальное воспитание школьников и формирование личностных ценностей на основе идеи духовного возрождения казахского народа.

От имени редакционного совета журнала поздравляем с юбилеем Алмата Мушелбаевича Кумаржанова и Алию Ануарбековну Момбек с юбилеем! Желаем дальнейших творческих побед и новых свершений.

С уважением,
главный редактор  Т.Балыкбаев

ФТАМИ 14.01.29

С.К. КАРАУЫЛБАЕВ¹, А.М. ЖУМАБАЕВА²

^{1,2}М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
(Тараз, Қазақстан)

3D ВИРТУАЛДЫ ОҚИТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа

Мақалада соңғы екі жылдағы импакт факторы жоғары басылымдарда жарияланған және Web of Science деректер қорына енген 3D виртуалды оқу ортасына байланысты ашық ресурстарға орналастырылған мақалаларға шолу жасалған. Мақалалардың тақырыптары түрлі болуына қарамастан, барлығында да 3D виртуалды оқыудың білім беру сапасын арттыруға тигізген әсері бағаланған. Уақыт өте келе 3D виртуалды әлемді модельдеу мүмкіндіктерінің, бағдарламалық жасақтама, гаджеттер санының артуына байланысты білім беру қорлары, оқыту мен үйрету тәжірибесі де жетіліп келе жатыр.

3D виртуалды оқытуға байланысты жыл сайын өткізілетін конференция материалдары зерттелетін тақырып ауқымының кең екенін көрсетсе де, журналдарда жарияланған мақалалар ғылыми зерттеу тақырыбын толығырақ, айтатын ойды кеңірек жеткізуімен құнды. Сондықтан талдау нысанына ғылыми журнал мақалалары алынды.

Қазіргі таңда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына орай жоғары білім берудегі дайындық бағыттарының білім беру бағдарламаларында қоғам мен экономикадағы өзгерістеріне байланысты жаңашыл технологияларды қолдану қажеттігі өзекті болуда. Мақалада айтылған түйінді ойлар ЖОО оқытушыларының осы бағыттағы тәжірибесін жақсартуға бағытталған.

Түйін сөздер: 3D виртуалды оқу ортасы; заманауи педагогикалық зерттеулер, электронды оқыту.

Кіріспе. Соңғы жылдары жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы 3D виртуалды оқыту әдістемелерінің қалыптасуынан озық болып отыр. Көптеген оқыту әдіс-тәсілдері цифрлық орта заңдылықтарын толық ұғынбаудан немесе оларды іске асырудың қалыптасқан әдіс-тәсілдерінің болмауы салдарынан толыққанды қолданылмай келе жатыр. Оқытуда мұғалімдерге арналған онлайн құралдар туралы ақпараттар саны да артып келе жатса да [1], 3D виртуалды оқытудың соңғы жетістіктері туралы шолулар саны аз. Сондықтан, Web of Science деректер қорында орналастырылған 2017 жылдың соңынан бастап 2019 жылғы ашық қолжетімді электронды қордағы педагогикалық зерттеулер категориясынан «3D Virtual Reality Environment» тірек сөзімен байланысты 33 мақала, «game-based learning» тірек сөзімен байланысты 113 мақала қарастырылып, арасынан әдістемелік

жаңашылдығы жағынан қызығушылық тудыратын бірқатар мақалаларға талдау жасадық. Еліміздегі жоғары оқу орындарында Web of Science деректер қорымен жұмыс істеуге мүмкіндік жасалғандықтан, мақаланың түпнұсқасымен кез келген оқытушының танысу мүмкіндігі бар. Біздің алға қойған мақсатымыз – 3D виртуалды оқыту зерттеулерімен таныстыра отырып, әр оқытушының өз пәнін жаңашыл ақпараттық технологиялар көмегімен әдістемелік тұрғыда жетілдірудің жаңа мүмкіндіктері туралы ой түрткі салу. Бұл педагогикалық зерттеулердің тақырыбын мәтін ішінде көрсетудегі мақсат – пәндерді оқыту әдістемесіне қажетті әдістемелік тірек сөздерге назар аударту.

Негізгі бөлім. Қазіргі таңда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына [2] орай жоғары білім беруде де қоғамдағы өзгерістерге сай жетілдіріп отыру қажет. Компьютерлік оқу ойындары мен ойынға

негізделген оқу әдістерінің қолданылуы, тиімділігі және дизайны бойынша әдебиеттер әртүрлі пәндер бойынша біртіндеп және кезең-кезеңімен жинақталды. Бұл мәселенің қиындығына байланысты осы уақытқа дейін жарияланған әдебиеттер фрагментарлы сипатқа ие болып [3], пәнаралық байланыс сипатына, пәндік контексіне қарай терминологияның өзгеріп қолданылатынын байқадық. Виртуалды әлемді ұғынуда авторлар алуан түрлі әдіснамалық негізге сүйенгендіктен, терминнің бірыңғай ұғымы қалыптаспады [4]. Білім беру, ойын арқылы оқыту тәсілдері, жүйке жүйесі ғылымы мен информатика ғылымдарының әр түрлі перспективаларда пәнаралық байланыста және жеке бағытта дамуы біздің ойын туралы түсінігімізді тереңдетеді. Бұл шолуымызда соңғы екі жылдағы компьютерлік 3D ойындардың білім беруде қолданылу тәжірибесін қарастыру себебіміз, өткен онжылдықтағы компьютерлік оқыту технологияларында Big Data мүмкіндіктері көптеген байланыстарды топтастыру, талдау жағынан әлі де эмпирикалық сипатта болуы және педагогикалық технологияны қолдау жағынан фрагментарлығымен байланысты [5; 6].

Ғылыми әдебиеттерді қарастыра отырып, «виртуалды әлем» терминінің бірнеше семаларға ажырайтынын байқадық. Сондықтан, алдымен Girvan Carina «What is a virtual world? Definition and classification» [7] мақаласымен танысуды ұсынамыз. Онда ағылшындық зерттеуші «виртуалды әлем» сөзінің анықтамасына және беретін мағыналарына, терминнің тарихына үңіледі. 2008 жылы Bell және Schroeder «виртуалды әлемдер» терминінің жалпыға ортақ анықтамасын әзірлеу үшін бастапқы платформаны ұсынған [7]. Дегенмен, соңғы он жыл ішінде терминнің мағыналық жағынан дамуы болмады. Оның орнына, әдебиеттерде жаңа мәндес терминдердің қолданылуына байланысты шатасушылық туындап, олар кейде виртуалды әлемнің түрлерін жіктеу үшін қолданылды, ал басқаларында синоним ретінде қолданылды. Сонымен қатар, соңғы уақыттарда виртуалды шындықтың әлеуетіне деген қызығушылықтың артуы байқалды, ал бұл болса терминдерді одан тіптен шатастыруға әкелді. Терминнің анық

және жалпыға ортақ түсінікке ие болмауы зерттеушілерге қиындық тудыратыны мәлім. Girvan Carina осы мәселелерді шешу үшін өз мақаласында виртуалды әлемдерді анықтаудың жаңа құрылымын ұсынып, әлем виртуалды болу үшін қажетті болып табылатын пайдаланушы тәжірибесі және оған мүмкіндік беретін техникалық мүмкіндіктер туралы сөз етеді.

Виртуалды әлемді сөз еткенде бірқатар британдық университеттерде тегін оқу платформасы ретінде пайдаланылған Second Life виртуалды әлемдер ортасына мән бергеніміз жөн. Palomeque Cristina өзінің «Managing multimodal data in virtual world research for language learning» мақаласында [8] Second Life виртуалды әлемдер ортасында әртүрлі режимдерді есепке алу үшін Multi-Modal MUVE әдісі немесе 3M әдісі деп аталатын көп қабатты транскрипция әдісін ұсынады. Бұл әдіс екі деңгейде жұмыс істейді: макро және микро деңгей. Макро деңгейде бір сеанстағы барлық оқиға бір алаңға жинақталып, құс ұшатын биіктіктен көрінеді. Бұл – зерттеушінің жалпылау және талдау үшін қызықты дәйектемелерді анықтауына мүмкіндік береді. Микро деңгей Second Life виртуалды әлемінде орын алатын интерфейс іс-әрекеттерінен және әртүрлі байланыс режимдерін есепке алуға қажетті үш стенограммдан тұрады. Жалпы, Second Life виртуалды әлемінің педагогикалық мүмкіндіктері бойынша испандық, германиялық, қытайлық ғалымдардың көптеген қызықты зерттеулері бар.

Second Life виртуалды үшөлшемді кеңістігінде құрастырылған оқу ортасының мандарин тілін аутизмнің жеңіл деңгейі, гипербелсенділік пен зейін дефициті бар ауру балаларға үйретуде қолданылуы, тиімділігі Lan Yu-Ju және басқалардың «Effective Learning Design of Game-Based 3D Virtual Language Learning Environments for Special Education Students» мақаласында [9] интернет-технологиялардағы үш өлшемді модельдеу қазіргі таңдағы білім беру саласындағы жаңа тәсілдері көрсетілген.

Келесі зерттеулер Second Life-тан өзге 3D виртуалды әлемді қолдануымен

ерекшеленеді. Yamazaki Kasumi өзінің «Computer-assisted learning of communication: A case study of Japanese learning in a 3D virtual world» мақаласында жапон тілін виртуалды әлем арқылы үйренуді зерттеген [10]. Ал қытай және ағылшын тілдерін салыстыра оқытуда виртуалды әлемдегі экологиялық, диалогтік модель негізіндегі музей және қонақ үй тұжырымдарын қолданылған Zheng Dongping «Eco-dialogical learning and translanguaging in open-ended 3D virtual learning environments: Where place, time, and objects matter» мақаласы [11] экологиялық білім беруді басты ұстаным ретінде бағалайды. Аталған ойындар жағдаятты шындық болмысқа барынша жақындатуымен ерекшеленеді.

Оқытудың жаңашыл Big Data мүмкіндіктеріне негізделген аспектісі Thomas Michael және Schneider Christel-дің «Language Teaching in 3D Virtual Worlds with Machinima: Reflecting on an Online Machinima Teacher Training Course» мақаласында қарастырылып [12], жасанды интеллект Machinima көмегімен онлайн-курста шет тілін үйретуді қарастырды. Қазір ағылшын, қытай және орыс тілдерінде еркін тақырыпта сөйлесетін чат-боттар бар. Осы тұжырымның енді оқу пәндерінде қолданылуына көрсетілген мақала дәлел.

Биология, география және басқа да жаратылыстану ғылымдары саласына байланысты ақпараттық технологиялардың әдістемелік талдамасы осы уақытқа дейін біршама жақсы дамығандықтан, соңғы жылдары гуманитарлық бағыттағы пәндерде 3D виртуалды әлемді пайдалану тәжірибесі артты. Тарих пәнін оқытуда және музей жәдігерлерімен таныстыру бірнеше мақалалардың тақырыбына айналған. Мысалы, Месопотамия жеріндегі тарихи жәдігерлерді танып білуде виртуалдық білім ортасын пайдалану тиімділігі, үшөлшемді (3D) навигациялық орта қымбатқа түсетіндіктен және көлемді жады мөлшерін қажет ететіндіктен, шектеулері бар виртуалды оқу орталары қолданылғаны жөнінде Hanes Laurence және Stone Robert өзінің «Applying constrained virtual environments to

serious games for heritage» [13] мақаласында айтып өтеді. Мұндай виртуалды таныстырылым музей қызметкерлерінің де қызығушылығын оятқан.

Кен орындарында қазба жұмыстарын жүргізу, мұнай өндіру механизмдерімен таныстыру, қоршаған ортаға қоқыстың әсері т.б. компьютерлік ойындар білім беруде кеңінен қолданылып келе жатса, соңғы кезде нақты тақырыпты модельдеуге мән берілуде. Мысалы, шарап жасау технологиясы Fredes Monsalve Claudio және басқаларының «Evaluation of a virtual learning environment in the development of winemaking competences by trainees» [14] мақаласында 3D виртуалды оқыту арқылы іске асқан.

Оқытудағы тиімділігімен таныстырумен қатар 3D виртуалды оқытуды бағалау бойынша жарияланған еңбектер саны да жеткілікті. Бағалауды іске асыру өз алдына жеке зерттеу тақырыбы.

«Leap Motion Technology» мақаласында Pavaloiu Ionel-Bujorel бағдарламалық жасақтама әзірлеудің арнайы орталары, сондай-ақ оны оқыту және дайындау үшін пайдаланудың кейбір нәтижелерін берген [15]. Leap Motion Controller арқылы алынған ақпарат басты компьютердегі бағдарламалық жасақтамаға жіберіледі және камералардан жіберілген 2D кескіндерінен миллиметрлік дәлдікпен 3D ақпарат қайта құрастырылады. Компьютер «тышқанын» ұстамай-ақ, адам алыстан қолының қозғалысымен экран арқылы бағдарламаны қашықтықтан басқарады. Бұл адам-интерфейс құрылғысы (Human Interface Device – HID) деп аталады. Мұндай арнайы қосымшаларды әзірлеу JavaScript, Unity, C #, C ++, Java, Python, Objective-C және Unreal engine арқылы жасалады. Leap Motion виртуалды шындық қосымшаларында, ойындарда немесе әртүрлі бағдарламалық өнімдерге арналған сенсорлы интерфейс ретінде цифрлық ортада өзара әрекеттесудің жаңа әдісі. Құрылғыны скульптура, бейнелеу өнері, дизайн, музыка, медицина, жаратылыстану ғылымдары, инженерия т.б. салаларда үшөлшемді қимыл қозғалыс, сынақ жасау және оқытуда қолдануға болады.

Nearpod VR виртуалды көзілдірігі pdfs,

jpeg, ppt сияқты форматтарда жасалған сабақ материалдарын өңдеп 3D форматқа ауыстыруға және 3D виртуалды тур жасауға мүмкіндік береді, оны кез келген құрылғыда (iPad, Chromebook, Mac немесе дербес компьютерде) көруге болады [1].

Meier Cecile және басқалар «Digital Competence: It's relation with the use and handling of 3D digital models and 3D printed 3D models» [16] мақаласында жоғары сынып оқушыларының толықтырылған және виртуальдық шындық ортасында скульптуралық 3D цифрлық модельдерді өңдеуі және оларды 3D принтерден шығаруы ақпараттық құзыреттілікке әсер ететінін қарастырған.

Қашықтықтан білім беруде компьютерлік ойын элементтері де зерттеле бастады. Мысалы: Horacio Rodriguez Guillermo және басқалар «A Kinect-Based Approach to Enhance Students' Learning Experience» мақаласында [17] kinect инструменті арқылы Kteacher виртуалды курсы қашықтықтан білім берудің дәстүрлі әдісімен салыстырған.

Zhang Yongjiang «Development of WebGL-based Virtual Teaching Platform for Mold Design» мақаласында WebGL негізінде виртуалды оқу ортасын жобалады [18].

A.Dan және M.Reiner өзінің «Reduced mental load in learning a motor visual task with virtual 3D method» мақаласында осы әдістің қимыл және көру тапсырмаларын орындау ойлануға түсіретін салмағын азайта ма деген сұраққа жауап іздейді [19]. Мұнда 3D стереоскопиялық толықтырылған (3DS) виртуалды білім беру ортасының оқыту сенстары типтік екі өлшемді (2D) бейне сенстарына қарағанда анағұрлым әсерлі болатыны және осы оқыту түрі білім сапасын арттыруға ықпал ететіні көрсетілген.

Gonzalez-Yebra Oscar және басқаларының «Evaluation of 3D immersive environments in B-learning implementations» мақаласында online және of-line ортасындағы 3D иммерсивті оқыту технологиясын жоғары бағалады [20].

Carbonell-Carrera Carlos және т.б. «Virtual Learning Environments to Enhance Spatial Orientation» мақаласында кеңістікте бағдарлауды жақсарту мақсатында виртуал-

ды оқу ортасын қолданған [21].

Көптеген зерттеушілер 3D виртуалды әлемде (3D virtual world) оқыту арқылы оқушының қызығушылығын оятуға болады деп есептегенмен, санаулы зерттеуде ғана сұрақ қою арқылы (inquiry-based learning) 3D виртуалды әлемде оқытуды қалай тиімді етуге болады және оның оқытуға қандай ықпалы бар екенін қарастырған. Xie Tao және басқаларының «Perceived Effectiveness of Science Inquiry in the 3D Virtual World» мақаласында [22] 48 студенттің жартысын 3D виртуалды әлемде оқытуды жүзеге асырған және сұрақ қою арқылы оның тиімділігін дәлелдеген.

Виртуалды шындық технологиясы мұғалімдер мен оқушыларға көрнекі үш өлшемді әлемді сезіну, есту және сенсорлық тұрғыда оқушылар үшін виртуалды ортаға қатысушы ретінде сезіну үшін және шынайы білім алу мүмкіндігін береді.

Қорытынды. Осы зерттеулерді қарастыра отырып, бірнеше қорытынды жасадық. Соңғы екі жылдағы педагогикалық зерттеулер 3D виртуалды оқытудың тиімділігін дәлелдейді. Оны тиімді қолдану үшін ең алдымен компьютерлік іскерлік-оқу ойындары негізіндегі ақпараттық білім беру ортасындағы оқыту мақсаты мен міндеттерін белгілеп, компьютерлік іскерлік-оқу ойындарына арналған тапсырмаларды жобалау қажет. Осы кезеңде аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдай отырып, ашық білім беру ресурстарын талдау және шетелдік компьютерлік 3D оқу ойындарын жасау тәжірибесін ескеру қажет.

3D виртуалды әлемдегі компьютерлік іскерлік-оқу ойындарын құрастырғанда оқытушы мен студенттің ақпараттық сауаттылығы мен интернет сауаттылығы 3D виртуалды оқытуды тиімді жүзеге асыруға әсер ететіндіктен, ақпараттық ортадағы студенттердің, оқытушылардың тәжірибесі оқытудың және үйретудің алдын ала шарттарын айқындаумен тығыз байланысты.

Жоғары білім берудегі қымбат техника мен технологияларды, аса үлкен көлемді есептеулер мен модельдеуді меңгертуде компьютерлік іскерлік-оқу ойыны когни-

тивтік мақсатта 3D виртуалды әлемді эмоциялық тұрғыда құрастырылғаны жөн. Әсіресе, жүйелі зерттеуді қолдайтын сыни рефлексия мен дискурс құруға мән беріп; әлеуметтік желілер арқылы байланыс жасау, міндетті түрде оқытушының қатысу қағидаты іске асуы тиіс.

Әдебиеттер

[1] 68 потрясающих онлайн-инструмента для учителей. URL: <https://dyjalog.by/68-potryasayushhix-onlajn-instrumenta-dlya-uchitelej/> (Көру уақыты 01.02.2019.)

[2] «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> Көру уақыты 01.02.2019.

[3] Research in computer science education. URL: https://www.computingschool.org.uk/custom_pages/142-where-to-find-research Көру уақыты 25.02.2019.

[4] Carlo Perrotta, Gill Featherstone, Helen Aston and Emily Houghton. Game-based learning: latest evidence and future directions. URL: <https://www.nfer.ac.uk/about-nfer/> Accessed 25 Feb 2019.

[5] Watson Paul and Livingstone Dan. Using mixed reality displays for observational learning of motor skills: A design research approach enhancing memory recall and usability. Research in Learning Technology. Volume 26, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=1&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[6] Costa Conceição, Tyner Kathleen, Henriques Sara and Sousa Carla. Game Creation in Youth Media and Information Literacy Education. International Journal of Game-Based Learning (IJGBL) 8(2), 2018. Pages: 13. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=62&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Көру уақыты 01.02.2019.

[7] Girvan Carina. What is a virtual world? Definition and classification. ETR&D-Educational Technology Research and Development. Volume 66, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=3&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Көру уақыты 01.02.2019.

[8] Palomeque Cristina and Pujola Joan-Tomas. Managing multimodal data in virtual world research for language learning. RECALL. Volume 30, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=5&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[9] Lan Yu-Ju, Hsiao Indy Y. T. and Shih Mei-Feng. Effective Learning Design of Game-Based 3D Virtual Language Learning Environments for Special Education Students. Educational Technology and Society. Volume 21, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=7&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[10] Yamazaki Kasumi. Computer-assisted learning of communication (CALC): A case study of Japanese learning in a 3D virtual world. ReCALL. Volume 30, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=14&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Көру уақыты 01.02.2019.

[11] Zheng Dongping, Schmidt Matthew, Hu Ying, Liu Min and Hsu Jesse. Eco-dialogical learning and translanguaging in open-ended 3D virtual learning environments: Where place, time, and objects matter. Australasian Journal of Educational Technology. Volume 30, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=16&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[12] Thomas Michael and Schneider Christel. Language Teaching in 3D Virtual Worlds with Machinima: Reflecting on an Online Machinima Teacher Training Course. International Journal of Computer-assisted Language Learning and Teaching. Volume 8, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=21&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Көру уақыты 01.02.2019.

[13] Hanes Laurence and Stone Robert. Applying constrained virtual environments to serious games for heritage. International Journal of Serious games. Volume 6, 2019. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record

do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=23&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1
Көру уақыты 01.02.2019.

[14] Fredes Monsalve Claudio, Espinoza Meza Sergio, Von Bennewitz Eduardo, Baez Mauricio and Bliss Anne. Evaluation of a virtual learning environment in the development of winemaking competences by trainees. *Cadernos Educacao Tecnologia e Sociedade*. Volume 10, 2017. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=28&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[15] Pavaloiu Ionel-Bujorel. Leap Motion Technology in learning. *EDU World 7th International Conference. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. 7th International Edu World Conference (Edu World)*. November 04-05, 2016. Pitesti, ROMANIA. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=33&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[16] Luis Saorin Jose, Meier Cecile, de la Torre-Cantrero Jorge, Carbonell-Carrera Carlos, Melian-Diaz Damari and Bonnet de Leon Alejandro. Digital Competence: It's relation with the use and handling of 3D digital models and 3D printed 3D models. *EDMETIC*. Volume 6, 2017. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=36&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Көру уақыты 01.02.2019.

[17] Horacio Rodriguez Guillermo, Soria Alvaro, Berdun Luis and Rocha Fabio Gomes. A Kinect-Based Approach to Enhance Students' Learning Experience. *Revista Edapeci-Educacao a Distancia e Praticas Educativas Comunicacionais e Interculturais*. Volume 18, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=40&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[18] Zhang Yongjiang. Development of WebGL-based Virtual Teaching Platform for Mold Design. *International Journal of Emerging Technologies in Learning*. Volume 13, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=43&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[19] Dan A. and Reiner M. Reduced mental load in learning a motor visual task with virtual 3D method. *Journal of Computer Assisted Learning*. Volume 34, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=47&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[20] Gonzalez-Yebra Oscar, Aguilar Manuel A., Aguilar Fernando J. and Lucas Manuel. Evaluation of 3D immersive environments in B-learning implementations. *Educacion XX1*. Volume 34, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=49&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Көру уақыты 01.02.2019.

[21] Carbonell-Carrera Carlos and Luis Saorin Jose. Virtual Learning Environments to Enhance Spatial Orientation. *Eurasia Journal of Mathematics Science and Technology Education*. Volume 14, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=54&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Көру уақыты 01.02.2019.

[22] Xie Tao, Zhang Fan and Wu Ensi. Perceived Effectiveness of Science Inquiry in the 3D Virtual World. *Eurasia Journal of Mathematics Science and Technology Education*. Volume 13, 2017. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=60&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Көру уақыты 01.02.2019.

References

[1] 68 potryasayuschih onlayn-instrumenta dlya uchiteley. URL: <https://dyjalog.by/68-potryasayushhix-onlajn-instrumenta-dlya-uchitelej/> Accessed 01 Feb 2019.

[2] «Tsifrlyq Qazaqstan» memlekttik baǵdarlamasyn bekitý túraly. *Qazaqstan Respyblıkasy Úkimetiniń 2017 jylǵy 12 jeltoqsandaǵy №827 qaýlysy*. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> Accessed 01 Feb 2019.

[3] Research in computer science education. Retrieved from https://www.computingschool.org.uk/custom_pages/142-where-to-find-research Accessed 25 Feb 2019.

[4] Carlo Perrotta, Gill Featherstone, Helen Aston and Emily Houghton. Game-based learning: latest evidence and future directions. Retrieved from <https://www.nfer.ac.uk/about-nfer/> Accessed 25 Feb 2019.

[5] Watson Paul and Livingstone Dan. Using mixed reality displays for observational learning of motor skills: A design research approach enhancing memory recall and usability. *Research in Learning Technology*. Volume 26, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=1&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[6] Costa Conceição, Tyner Kathleen, Henriques Sara and Sousa Carla. Game Creation in Youth Media and Information Literacy Education. *International Journal of Game-Based Learning (IJGBL)* 8(2), 2018. Pages: 13. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=62&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Accessed 01 Feb 2019.

[7] Girvan Carina. What is a virtual world? Definition and classification. *ETR&D-Educational Technology Research and Development*. Volume 66, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=3&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Accessed 01 Feb 2019.

[8] Palomeque Cristina and Pujola Joan-Tomas. Managing multimodal data in virtual world research for language learning. *RECALL*. Volume 30, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=5&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[9] Lan Yu-Ju, Hsiao Indy Y. T. and Shih Mei-Feng. Effective Learning Design of Game-Based 3D Virtual Language Learning Environments for Special Education Students. *Educational Technology and Society*. Volume 21, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=7&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[10] Yamazaki Kasumi. Computer-assisted learning of communication (CALC): A case study of Japanese learning in a 3D virtual world. *ReCALL*. Volume 30, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=14&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Accessed 01 Feb 2019.

[11] Zheng Dongping, Schmidt Matthew, Hu Ying, Liu Min and Hsu Jesse. Eco-dialogical learning and translanguaging in open-ended 3D virtual learning environments: Where place, time, and objects matter. *Australasian Journal of Educational Technology*. Volume 30, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=16&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[12] Thomas Michael and Schneider Christel. Language Teaching in 3D Virtual Worlds with Machinima: Reflecting on an Online Machinima Teacher Training Course. *International Journal of Computer-assisted Language Learning and Teaching*. Volume 8, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=21&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Accessed 01 Feb 2019.

[13] Hanes Laurence and Stone Robert. Applying constrained virtual environments to serious games for heritage. *International Journal of Serious games*. Volume 6, 2019. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=23&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[14] Fredes Monsalve Claudio, Espinoza Meza Sergio, Von Bennewitz Eduardo, Baez Mauricio and Bliss Anne. Evaluation of a virtual learning environment in the development of winemaking competences by trainees. *Cadernos Educacao Tecnologia e Sociedade*. Volume 10, 2017. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=28&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[15] Pavaloiu Ionel-Bujorel. Leap Motion Technology in learning. *EDU World 7th International Conference. European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. 7th International Edu World Conference (Edu World)*. November 04-05, 2016. Pitesti, ROMANIA. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=33&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[16] Luis Saorin Jose, Meier Cecile, de la Torre-Cantrero Jorge, Carbonell-Carrera Carlos, Melian-Diaz Damari and Bonnet de Leon Alejandro. Digital Competence: It's relation with the use and handling of 3D digital models and 3D printed 3D models. *EDMETIC*. Volume 6, 2017. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=36&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Accessed 01 Feb 2019.

[17] Horacio Rodriguez Guillermo, Soria Alvaro, Berdun Luis and Rocha Fabio Gomes. A Kinect-Based Approach to Enhance Students' Learning Experience. *Revista Edapeci-Educacao a Distancia e Praticas Educativas Comunicacionais e Interculturais*. Volume 18, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=40&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[18] Zhang Yongjiang. Development of WebGL-based Virtual Teaching Platform for Mold Design. *International Journal of Emerging Technologies in Learning*. Volume 13, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=43&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[19] Dan A. and Reiner M. Reduced mental load in learning a motor visual task with virtual 3D method. *Journal of Computer Assisted Learning*. Volume 34, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=47&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[20] Gonzalez-Yebra Oscar, Aguilar Manuel A., Aguilar Fernando J. and Lucas Manuel. Evaluation of 3D immersive environments in B-learning implementations. *Educacion XX1*. Volume 34, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=49&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1 Accessed 01 Feb 2019.

[21] Carbonell-Carrera Carlos and Luis Saorin Jose. Virtual Learning Environments to Enhance Spatial Orientation. *Eurasia Journal of Mathematics Science and Technology Education*. Volume 14, 2018. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=54&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Accessed 01 Feb 2019.

[22] Xie Tao, Zhang Fan and Wu Ensi. Perceived Effectiveness of Science Inquiry in the 3D Virtual World. *Eurasia Journal of Mathematics Science and Technology Education*. Volume 13, 2017. URL: http://apps.webofknowledge.com/full_record.do?product=WOS&search_mode=GeneralSearch&qid=60&SID=D1GK1FXJBhD1LPZebXz&page=1&doc=1&cacheurlFromRightClick=no Accessed 01 Feb 2019.

Современные педагогические исследования по 3d виртуальному обучению

С.К. Карауылбаев¹, А.М. Жумабаева²

^{1,2}Таразский государственный университет имени М.Х.Дулати

(Тараз, Казахстан)

Аннотация

В статье рассматриваются статьи, доступные в общедоступных ресурсах за последние два года, основанные на воздействии сильного фактора воздействия и виртуальной среде трехмерного обучения, включенной в базу данных Web of Science. Несмотря на разнообразие статей, было оценено влияние виртуальной трехмерной среды обучения на качество образования. Со временем 3D не только сможет моделировать виртуальные трехмерные миры, но и получит доступ к доступному программному обеспечению, гаджетам, образовательным ресурсам, а также опыту преподавания и обучения.

Хотя материалы ежегодной конференции, основанные на трехмерной виртуальной учебной среде, показывают, что сфера охвата темы исследования широка, статьи, публикуемые в журнале, ценны для предоставления более широкого представления о теме исследования. Поэтому статьи научного журнала были получены в виде анализа.

В настоящее время, в соответствии с государственной программой «Цифровой Казахстан», важно использовать инновационные технологии в образовательных программах обучения в высших учебных заведениях в связи с изменениями в обществе и экономике. Ключевые моменты, изложенные в статье, направлены на улучшение опыта преподавателей вузов в этой области.

Ключевые слова: трехмерная виртуальная учебная среда; современные педагогические исследования, электронное обучение.

Modern pedagogical research on 3d virtual learning

S. Karauylbayev¹, ORCID ID: 0000-0003-0241-0284,

A. Zhumabaeva², ORCID ID: 0000-0003-2816-8051

² Taraz State University M.Kh.Dulaty, (Taraz, Kazakhstan)

Abstract

The article discusses articles available in publicly available resources over the past two years, based on the impact of a strong impact factor and a virtual three-dimensional learning environment included in the Web of Science database. Despite the diversity of articles, the impact of a virtual three-dimensional learning environment on the quality of education was assessed. Over time, 3D will not only be able to model virtual three-dimensional worlds, but will also have access to accessible software, gadgets, educational resources, and also teaching and learning experiences.

Although materials from the annual conference based on a three-dimensional virtual learning environment show that the scope of the research topic is broad, articles published in the journal are valuable for providing a broader view of the research topic. Therefore, the articles of the scientific journal were obtained in the form of analysis.

Currently, in accordance with the state program «Digital Kazakhstan», it is important to use innovative technologies in educational programs of training in higher educational institutions due to changes in society and the economy. The key points outlined in the article are aimed at improving the experience of university professors in this field.

Keywords: three-dimensional virtual learning environment; modern pedagogical research, e-learning.

Редакцияға 12.04.2019 қабылданды.

МРНТИ 14.25.09

Ә.Е.ЖҰМАБАЕВА¹, Г.Ж. ОМАРОВА²

*¹⁻²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ БІЛГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ БОЛМЫСЫ

Аңдатпа

Қазіргі кезде бастауыш мектептің педагогикалық үдерісінде оқушылардың білім алуудағы рөлі анағұрлым маңызды болып келеді, себебі ұйымдасқан оқу үдерісі барған сайын өздігінен білім алу үдерісіне айналуға: оқушы егжей-тегжейлі және шебер ұйымдастырылған оқыту ортасында әрекет еткен жағдайда білім траекториясын өзі таңдайды. Білімді жетік меңгеру үшін оқушы дереккөздермен жұмыс істей білуі керек, дереккөздердің қатарынан түрлі сөздіктер ерекше орын алады.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөздіктермен жұмыс істеу білігін қалыптастырудың теориялық мәселелері сөз болады. Психологиялық-дидактикалық әдебиеттердегі «білік» ұғымының мәні ашылып, сөздіктермен жұмыс істеу білігі негізін құрайтын білімдер мен жекелеген біліктер талданады. Бастауыш сынып оқушыларының сөздіктермен жұмыс істеу білігінің құрылымы, мазмұны, қалыпташу кезеңдері айқындалады. Сөздіктермен жұмыс істеу білігінің мазмұндық, операциялық және мотивациялық құрамдас бөліктері және олардың арасындағы өзара байланысты білдіретін күрделі құрылым сипатталды. Профессор П.Я. Галпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясына сәйкес сөздіктермен жұмыс істеу білігін қалыптастыру іс-әрекеттердің белгілі бір кезеңдерін орындау мен игеру нәтижесінде туындайтын үдеріс ретінде бес кезеңмен көрсетілді.

Мақалада лексикографиялық дереккөздер адамның интеллектуалды мәдениетін қалыптастыратын жалпы пәндік білікті қалыптастыру құралы ретінде сипатталады.

Түйін сөздер: білім; білік; бастауыш сынып; сөздік; сөздіктермен жұмыс істеу білігі.

Өзектілік. Бүгінгі күні біз ақпараттың қарқынды дамыған кезеңінде өмір сүрудеміз. Бұл білім беру парадигмасының «өмір бойы азық боларлық білім беру» идеясынан «өмір бойы өздігімен білім алу» үлгісіне өзгеруіне негіз болды.

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» [3], – деп бекер айтпаған болар.

At this moment there is an urgent need to train highly qualified specialists in the field of art industry management. The communicative competence of future specialists in the management of the art industry for the implementation of professional activity undoubtedly requires adequate attention from educators and researchers [17].

In the head of state's article «Modernization of Kazakhstan's Identity» within the framework of the implementation of the program «Ruhani Zhanjyru» says: «On the development and popularization of modern Kazakhstan culture, not only in the country, but also in the global world» [13].

We are convinced that in order to see our culture and art in the global map of the world, we need not only highly skilled art managers and communicatively competent specialists.

List of used resources:

- [1] Барабаншиков В.А. Восприятие в структуре общения // Мир психологии. – 2013. – №1. – С. 168-187
- [2] Бодалев А.А. Психология общения. Воронеж: НПО «МОДЭК», 1996 – 256 с.
- [3] Бегембетова Г.З., Джуманиязова Р.К. К проблеме менеджмента в искусстве /Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. 2017. – №6. – С.113-118.
- [4] Зеер Е.Ф. Модернизация профессионального образования: компетентностям подход /Образования и наука. – 2004. – М3. – С. 35-43
- [5] Ибраева К.Е., Турганбаева Т.Т. Шетел тілін оқыту үрдісінде мәдениетаралық құзыреттіліктің маңызы /Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки» – №1(53). – Алматы: Ұлағат, 2017. – С. 88-92.
- [6] Ibrayeva K. Specific Features of Social Competence Development in the Future Music Teachers Working at Universities / K.Ibrayeva, M. Dzheksembekova, A. Akhmetova, M. Urazalieva, E. Sultangaliyeva, I. Issametova / IJESSE- Educational and Social Sciences 11(9): 2468-8568, 2016.
- [7]. Ibrayeva K. Development and Implementation of the Project A Gifted Student/ K. Ibrayeva, L.Narikbayeva, A.Kalimoldayeva, Zh. Kayrzhanovna, A.Ussenova /Revista ESPACIOS 39(10): 0798 1015, 2018.
- [8] Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1996. – 256 с.
- [9] Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – Москва: ЛКИ, 2007 – 175 с.
- [10] Kakimova L. Making Art Pedagogy in the System of Education in the Republic of Kazakhstan /B.Almukhambetov, Zh. Nebessayeva, A. Smanova, K. Musakulov, R. Sydykova, L. Kakimova. /International Journal of Environmental and Science Education (Turkey), ISSN: 1306-3065– 2016. – V.11. – Iss.18. – A.N.821. – P.11341-11350.
- [11] Malakhova, I. A. Methodological aspects applications of the competence approach to education in the field of culture of the Republic of Belarus /I. A. Malakhova /Austrian Journal of Humanities and Social Sciences Scientific. – №11–12. – 2016. – P. 15–24.

- [12] Митина Н.А. Современные педагогические технологии в образовательном процессе высшей школы / Молодой ученый. – 2013. – №1. – С. 345-349
- [13] Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания – Астана, 2017.
- [14] Суминова Т. Н. Формирование арт-менеджера как конкурентоспособной и эффективной личности – вступление времени и задача вузов культуры и искусств /Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. – 2013. – №2. – С.175-180
- [15] Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – Москва: Академия, 2002. – 576 с.
- [16] Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте качества образования /Стандарты и мониторинг в образовании. – 1999. – №2. – С. 41-48
- [17] Усенова А.К., Рахатов Ш.Ш. Информационно-коммуникативная культура как основа профессионально-личностного развития молодежи /Педагогика и психология. 2016. – №3 (28). – С.27-34.
- [18] Ussenova A. New approaches to model building of the specialist in the continuous education system of the Republic of Kazakhstan /A.Ussenova, I. Malakhova, G. Mailybaeva, R. Asylova, D. Utegulov /Medwell Journals, The Social Sciences 11 (16): 4121-4130, 2016.
- [19] Ussenova A. Methodological aspects of higher education quality in the conditions of modernization of Kazakhstan /A.Ussenova, I.Malakhova, S.Imanbaeva, A.Seitbatalova,D. Utegulov /Man in India, Serials Publications 97: 141 – 156, 2017.
- [20] Янкина Н.В. Введение в теорию и практику межкультурной коммуникации: Учебное пособие. – Оренбург: ИПК ГОУ ОГУ, 2006. – 317 с.

References:

- [1] Barabanshchikov V.A. Vospriyatie v strukture obshcheniya // Mir psihologii. – 2013. – №1. – S. 168-187
- [2] Bodalev A.A. Psihologiya obshcheniya. Voronezh: NPO «MODE'K»,1996 – 256 s.
- [3] Begembetova G.Z., Dzhumaniyazova R.K. K probleme menedzhmenta v iskusstve // Izvestiya Nacional'noj Akademii nauk Respubliki Kazahstan. – №6. – Almaty, 2017. – S.113 – 118.
- [4] Zeer E.F. Modernizatsiya professional'nogo obrazovaniya: kompetentnostyam podhod //Obrazovaniya i nauka. –2004. – М3. – S. 35– 43
- [5] Ibraeva K.E., Turganbaeva T.T. SHetel tilin okytu urdisinde madenietaralyk kuzyrettiliktin manyzy // Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Pedagogicheskie nauki» – №1(53). - Almaty: «Ylarat», KazNPU im. Abaya, 2017 g. – S. 88 – 92.
- [6] Ibrayeva K. Specific Features of Social Competence Development in the Future Music Teachers Working at Universities / K.Ibrayeva, M. Dzheksembekova, A. Akhmetova, M. Urazalieva, E. Sultangaliyeva, I. Issametova // IJESSEE – ducational and Social Sciences 11(9): 2468-8568 , 2016.
- [7]. Ibrayeva K. Development and Implementation of the Project A Gifted Student/K. Ibrayeva, L.Narikbayeva, A.Kalimoldayeva, Zh. Kayrzhannovna, A.Ussenova // Revista ESPACIOS 39(10): 0798 1015, 2018.
- [8] Klarin M.V. Innovatsii v mirovoj pedagogike. Riga: NPC «E'ksperiment», 1996 – 256 s.
- [9] Kolshanskii G.V. Kommunikativnaya funkciya i struktura yazyka. Moskva: LKI, 2007 – 175 s.
- [10] Kakimova L. Making Art Pedagogy in the System of Education in the Republic of Kazakhstan / B. Almukhambetov, Zh. Nebessayeva, A. Smanova, K. Musakulov, R. Sydykova, L. Kakimova. // International Journal of Environmental and Science Education (Turkey), ISSN: 1306-3065– 2016. – V.11. – Iss.18. – A.N.821. - P.11341-11350.
- [11] Malakhova, I. A. Methodological aspects applications of the competence approach to education in the field of culture of the Republic of Belarus / I. A. Malakhova // Austrian Journal of Humanities and Social Sciences Scientific. – №11–12. – 2016. – P. 15–24.
- [12] Mitina N.A. Sovremennye pedagogicheskie tehnologii v obrazovatel'nom processe vysshej shkoly // Molodoj uchennyi. –2013. – №1. – S. 345-349
- [13] Nazarbaev N.A. Vzglyad v budushchee: modernizatsiya obshchestvennogo soznaniya – Астана: 2017.
- [14] Suminova T. N. Formirovanie art-menedzhera kak konkurentosposobnoj i e'ffektivnoj lichnosti — velenie vremeni i zadacha vuzov kul'tury i iskusstv // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv. 2013. № 2. S. 175 –180.

[15] Slastenin V.A., Isaev I.F., Shiyanov E.N. Pedagogika: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Москва: Академия, 2002 – 576 с.

[16] Shishov S.E. Ponyatie kompetencii v kontekste kachestva obrazovaniya // Standarty i monitoring v obrazovanii. – 1999. – №2. – С. 41–48

[17] Usenova A.K., Rahatov SH.SH. Informacionno-kommunikativnaya kul'tura kak osnovnaya professional'no-lichnochnogo razvitiya molodezhi // Pedagogika i psihologiya. – №3 (28). – Алматы: «Ulagat», KazNPU im. Abaya, 2016. – С.27–34.

[18] Ussenova A. New approaches to model building of the specialist in the continuous education system of the Republic of Kazakhstan / A.Ussenova, I. Malakhova, G. Mailybaeva, R. Asylova, D. Utegulov // Medwell Journals, The Social Sciences 11 (16): 4121-4130, 2016.

[19] A. Ussenova Methodological aspects of higher education quality in the conditions of modernization of Kazakhstan / A. Ussenova, I. Malakhova, S. Imanbaeva, A. Seitbatalova, D. Utegulov // Man in India, Serials Publications 97: 141 – 156, 2017.

[20] Yankina N.V. Vvedenie v teoriyu i praktiku mezhdul'turnoj kommunikacii: учебное пособие. Оренбург: ИПК ГОУ ОГУ, 2006 – 317 с.

Болашақ арт-индустрия мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

Г.К.Тасбергенова

Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы

(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада болашақ арт-менеджерлердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған. Қазіргі заманғы арт-менеджердің коммуникативтік құзыреттілігі мәселесі ең алдымен, практикалық тұрғыдан өте маңызды болып табылады, өйткені ол арт-менеджердің қызметінің табысын алдын ала анықтайды. Жұмыс барысында «арт-менеджердің коммуникативтік құзыреттілігі», сондай-ақ оған ілеспе «коммуникация», «коммуникативтік құзыреттілік» және «арт-менеджердің кәсіби қызметі» ұғымдары түсіндіріледі. Сонымен қатар студенттердің сауалнамасының сипаттамасы беріледі, арт-менеджердің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту бойынша әртүрлі әдістер кешені көрсетілді. «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мақаласында қазіргі Қазақстандық мәдениеттің тек елімізде ғана емес, сонымен қатар жаһандық әлемде де дамуы мен танымал болу қажеттілігін көрсетеді. Біз әлемдік кеңістікте біздің мәдениетіміз бен өнерімізді ілгерілеу жоғары білікті менеджерлер мен арт-саланың коммуникативтік білікті мамандары шығара алатынымызға сенімдіміз.

Түйінді сөздер: қалыптастыру, коммуникация, коммуникативтік құзыреттілік, арт-индустрия, арт-менеджмент.

О формировании коммуникативной компетенции будущих специалистов арт-индустрии

Г.К.Тасбергенова

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы

(Алматы, Казахстан)

Аннотация

Данная статья посвящена формированию коммуникативной компетенции арт-менеджеров. Проблема коммуникативной компетентности современного арт-менеджера представляется крайне важной, прежде всего, с практической точки зрения, поскольку именно она предопределяет успех деятельности арт-менеджера. В ходе работы трактуется как понимание «коммуникативная компетенция арт-менеджера», так и сопутствующие ему понятия «коммуникация», «коммуникативная компетентность» и «профессиональная деятельность арт-менеджера». Дается описание анкетирования студентов, показан комплекс методов по развитию коммуни-

кативной компетенции арт-менеджера. В статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Первый Президент Республики Казахстан говорит о развитии и популяризации современной Казахстанской культуры не только в стране, но и в глобальном мире. Мы убеждены, что качественно представить нашу культуру и искусство в мировом пространстве смогут только высококвалифицированные менеджеры и коммуникативно компетентные специалисты арт-сферы.

Ключевые слова: формирование, коммуникация, коммуникативная компетенция, арт-индустрия, арт-менеджмент.

Поступила в редакцию 23.01.2019

XFTAP 14.35.07

Ш.ДЖАНЗАКОВА¹, Г.ТАХИРОВА²

*^{1,2} X. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау, Қазақстан)*

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Аңдатпа

Мақалада жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу деген тұжырымды негізге ала отырып, қазақ халық рухани жаңғыру идеясы негізінде мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру мәселесі қамтылады.

Халықтың тағылымы ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып отырған ұлттық сана, ұлттық жадын, ұлттық тарих пен мәдениет т.б. негізгі орын алатыны, ұлттық тәрбиенің өзектілігін нақтылай түседі. Ұлттық тәрбиенің мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру екені жан - жақты талданылады.

Түйін сөздер. Жаңа тұрпатты жаңғыру, ұлттық код, рухани жаңғыру идеясы, ұлттық тәрбие, халық тағылымы, ұлттық сана, ұлттық жадын, ұлттық тарих пен мәдениет, жалпыадамзаттық құндылықтар.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымы сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына

айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деп атап көрсетуі бүгінгі қоғамның алдына үлкен міндеттерді жүктейді [1]. Халықтың тағылымы ұрпақтан – ұрпаққа

жалғасып отырған ұлттық сана, ұлттық жадын, ұлттық тарих пен мәдениет т.б. екені дау тудырмайды.

Қазақ халық рухани жаңғыру аясында мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруде тұлғаның рухани, ұлттық санасын қалыптастыру негізгі орын алады. «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту», – деп атап көрсетуінің өзі бүгінгі таңы ұлттық тәрбиенің өзектілігін нақтылай түседі [1].

Мақаланың мақсаты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тәрбие тұжырымдамасында ұлттық тәрбиенің мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру.

Мақаланың міндеттері. Ұлттық тәрбиенің бағалау критерийне этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өзге де халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; Қазақстандағы басқа этностардың мәдениетіне және этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтанш сезім мен жауапкершілік танытуы. Сонымен қатар ұлттық тәрбиені іске механизмдеріне – сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, сабақтан тыс іс-әрекеттерді жатқызады. Этнопедагогика кабинеттерін ашу және жабдықтау; «Мәңгілік Ел» жобасы аясында акциялар, ҚР Елтаңбасы, Туы және Гимні, қазақ халқының мемлекеттік тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша байқаулар, олимпиадалар өткізу; өлкетану жұмыстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады деп нақтылайды [2].

Қарастырылып отырған сұрақтың тарихы. Ұлттық тәрбие – ұлттық мәдениет тұрғысынан қарастыра отырып, қазақтың ұлттық келбетін қалыптастырудың мәдени-тарихи алғышарттары: ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық дәстүр мен парыз – ұлттық тәрбиенің өзегі, қазақ халқының мәдениеті – ұлтты, Қазақстан этностарын біріктіруді нығайтатын орталық, әлемдік мәдениет – ұлттық тәрбиенің негізін қалаушы, ұлтаралық және конфессияаралық келісім – қазақстандық қоғам тұрақтылығын сақтап дамытудың бірден-бір құралы болып табылады.

Ұлттық тәрбие адам тәрбиесіне ықпал ете отырып, тұтас қоғам үшін пайдалылығы мен қажеттілік негізі жас ұрпақты тәрбиелеудегі тәжірибелік және әдістемелік істердің нәтижесін жүзеге асырады. Қоғамның қай саласында болмасын тәрбиенің бұл бағытын жолға қойсақ, қоғамның дұрыс бағытталуына игі ықпалы болатыны сөзсіз.

Халық даналығының кәусар бұлағы – қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлерінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу педагогикалық үдерістің жетекші мақсатының бірі және ұнамды бағдар беретін жеке тұлғаны дамытудың негізгі факторы болып саналады.

Тәлім-тәрбие адамзат тарихымен бірге жасап келеді. Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы – жастарды адам болуға үйрету, адамгершілікке баулу. Ал адам болудың жолдары әр халықтың, ұлттың дәстүрінде, салтында. Ол үлкенді сыйлаумен, тыңдаумен, ата-ана, отбасы дәстүрін сақтауымен, арнамысты ұятты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады. Бұның бәрін халықтық педагогикадан, ұлттық тәрбиеден іздеу керек [3].

М.Жұмабаевтың «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиені сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуы міндетті» – деген тұжырымынан ұлттық тәрбие тәрбиенің негізгі бағыты болуына дау тудырмайды [4].

Ұлттық тәрбие негізін құрайтын фольклор, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер қазақ

ұлтының тарихи өмір белестерінің көрінісі ретінде және ұлттық құндылықтар болып есептеледі. Қазақ халқы салт-дәстүрлерінің тәрбиеге байланысты төмендегідей жіктелетінін болашақ маманды даярлауда ескеру қажет: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің білімдері; тұрмыс салт-дәстүрлерінің білімдері; кәсіпке байланысты салт-дәстүрлерінің білімдері; өнерге байланысты салт-дәстүрлер білімдері; үйлену мен үй болуға байланысты салт-дәстүрлер білімдері; той және мерекеге байланысты салт-дәстүрлер білімдері; қазіргі жаңа салт-дәстүрлер білімдері және т.б. [4]

Қазақстандық ғалымдар Сәрсенбаев Н. [5], Наурызбаев Ж.Ж. [6], Молдабеков Ж. [7], С.Қалиев [8], Айталы А. [9], Кішібеков Д. [10], Нұрмұратов С.З. [11], Мұсатаев С.Ш. [12], Ирмуханов Б.Б. [13], Бурбаев Т. [14] т.б. еңбектерінде ұлттық тәрбие мәселесі ғылыми-теориялық тұрғыда жан-жақты қарастырылған.

Философ ғалым Н.Сәрсенбаев «Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір» атты еңбегінде: «Дәстүрге әдет-ғұрыптың өткен қоғамнан қалаған озық түрлері мен тұрмыстық формалары, ырым-жоралары, рәсімдер жиынтығы кіреді, қоғамда және белгілі бір ұжымдық ортада қалыптасқан дәстүр өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін сол ұжымдық ортада қалыптасқан дәстүр өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғаннан кейін сол ұжымдық ортада, қоғамда жалғасын табады да, тұрақты орын алады. Сондай-ақ, дәстүр көпшілік қауымға ортақ мәдениетті түрде қолданыс табатын әдет-ғұрыптың жинақталған түрлері мен рәсімдерін де қамтиды» – деп тұжырымдайды [5].

Зерттеу әдістері. Ұлттық тәрбиенің негізгі көздері: мақал-мәтелдер, жұмбақтар, батырлар жырлары, эпостық шығармалар, батырлар жыры, ертегілер, рәсімдер, бата, әдет-ғұрып, дәстүр, дін, өнер, дәстүрлі өнер, халық әндері т.б. тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптаструға ықпал етуін салыстырмалы, жүйелі түрде пайдалану арқылы анықтау.

Ұлттық тәрбиенің ұйтқысы – ана тілі. Ана

тілі – белгілі бір этностың қалыптасып, ұлт деңгейіне дейін үздіксіз дамуына ұйтқы болып келген және сол этностың негізгі тілі саналатын, өзара қауымдаса тіршілік етуіне қажетті тіл. Этникалық тегі географиялық қоныстану аумағы, шаруашылық жүргізу тәсілдері ортақ адамдар қауымы мен мүшелерінің ана тілі арқылы ортақ дүниетанымы, ұғым-түсінігі, мінез-құлқы, наным-сенімі, сезіну қасиеттері – бір сөзбен айтқанда, ұлттық ділі қалыптасады.

«Ана тілі» ұғымы не оған жақын түсінік барлық этносқа тән, бірақ этностық көзқарас тұрғысынан бұл ұғым әр түрлі («туған тіл», «ұлт тілі», «ата-баба тілі», «ана тілі», т.б.) атала береді. Ана тілі – ел болудың ең ұлы шарттарының бірі, халықтың болмысына табиғаттың өзі дарытқан ұлы сый. Өйткені, тіл дегеніміз ұлттың “биологиялық” болмыс-бітімінің күретамыр элементтерінің бірі. Ана тілінің уызына айналған ұлттық код халықтық қасиеттер мен мемлекеттік мұраттардың ділі деп атап көрсетуі де ұлттық тілдің, ұлттық тәрбиенің басымдылығын көрсетеді [3].

Нәтижелер. Дәстүрлі мәдениет пен ұлттық тәрбиені бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне енгізуде төмендегі бағыттар негізінде іске асады:

– тарихымыздың өткені, бүгінгі, болашағын сабақтастыра отырып жүргізу, ұлттық идея, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие т.б. мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстанымдарын ұлттық құндылық тұрғысынан «Қазақ елі – мәңгілік ел» идеясын іске асыру арқылы болашақ жастардың бойындағы азаматтық – патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады;

– адамзаттың рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа мирасқорлықпен жеткізе алатын; көптілді және ұлттық өркениеттік мәдениетті меңгерген; бәсекеге қабілетті, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына бейімделген; халықтың бірлігін, мемлекеттің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын; интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға қалыптастыруға негізделеді;

– жастарға ұлттық тәрбие беру

арқылы зияткерлік әлеуетін, ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

– ұлттың интеллектуалды әлеуеті ретінде жастарға сапалы білім беру, ақпараттық технологиялар паркін қалыптастыру, рухани тәрбие беру бағытында қоғамның рөлін көрсете білу [14].

Қорытынды. Қазақ халық рухани жаңғыру идеясы негізінде мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруде мақал-мәтелдер, жұмбақтар, батырлар жырла-

ры, эпостық шығармалар, батырлар жыры, ертегілер, рәсімдер, бата, әдет-ғұрып, дәстүр, дін, өнер, дәстүрлі өнер, халық әндері т.б. мектептің оқу тәрбие үдерісіне пән сабақтарының мазмұнына, тәрбиелік іс шараларда, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерде, үйірмелерде т.б. пайдалана отырып, бүгінгі жаһандану үдерісінде ұлттық және жаңашыл дәстүрлерді сабақтастықта пайдалана отырып зиялы ұрпақты тәрбиелеуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

[1] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Интернет көзі: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.

[2] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері /Тұжырымдама. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.

[3] Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ – нің «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. – Алматы: ЖК Сагаутдинова М.Ш. 2014. – 42 б.

[4] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 54 б.

[5] Сәрсембаев Н.С. Салт-дәстүрдің дамуы. – Алматы, 1968. – 32 б.

[6] Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 190б.

[7] Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 282 б.

[8] Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы. 1998. – 340 б.

[9] Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.

[10] Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 199 б.

[11] Нұрмұратов С.З., Мұсатаев С.Ш.. Қазақстандық жалпы ұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы. – Астана, 2002.

[12] Ирмуханов Б.Б. Этническая история древнего Казахстана. – Алматы: Мир, 2010. – 320с.

[13] Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.

[14] Иманбаева С.Т. Ұлттық тәрбие – зиялы ұрпақты қалыптастырудың негізі /Цифрлы Қазақстан жағдайында үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялау: өзекті мәселелер және шешу жолдары» атты ІІ Республикалық педагогикалық оқулары. – Тараз, 2019. – 17 б.

References

[1] Nazarbaev N.Ә. Bolashaqqa baғdar: ruhani zhanғyru. Internet көзі: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.

[2] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері /Тұжырымдама. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.

[3] Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ – нің «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. – Алматы: ЖК Сагаутдинова М.Ш. 2014. – 42 б.

[4] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 54 б.

[5] Сәрсембаев Н.С. Салт-дәстүрдің дамуы. – Алматы, 1968. – 32 б.

[6] Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 190б.

[7] Moldabekov JH. Қазақтану және жаңару философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 282 б.

- [8] Kaliev S. Қазақ etnopedagogikasynуң теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы. 1998. – 340 б.
[9] Ajtaly A. Ұлттану. – Алматы: Arys, 2003. – 226 б.
[10] Kishibekov D. Қазақ mentaliteti: keshe, bygin, erteң. – Алматы: Fylym, 1999. – 199 б.
[11] Nұрмұратов S.Z., Mұсатаев S.SH.. Қазақстандық zhalpy ұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы. – Astana, 2002.
[12] Irmuhanov B.B. Etnicheskaya istoriya drevnego Kazahstana. – Алматы: Mir, 2010. – 320s.
[13] Burbaev T. Ұлт mentaliteti. – Astana: Elorda, 2001. – 248 б.
[14] Imanbaeva S.T. Ұлттық тәрбие – ziyaly ұрпақты қалыптастырудың негізі /Cifrlы Қазақстан zharđajyнда үздіксіз педагогикалық bilim беру zhyjesin modernizaciyalau: өзекті мәселелер zhәне sheshu zholdary» attы II Respublikalық педагогикалық оқулары. – Taraz, 2019. – 17 б.

Национальное воспитание школьников на основе идеи духовного возрождения казахского народа

Ш.Джанзакова¹, Г.Тахирова²

^{1,2}*Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова,
(Атырау, Казахстан)*

Аннотация

В статье освещается вопрос национального воспитания школьников как самое важное условие обновления национального облика, беря в основу сохранение национального кода и идею духовного обновления казахского народа.

Народная традиция передается из поколения в поколение в виде национального самосознания, истории и культуры и показывает актуальность национального воспитания. Цель национального воспитания заключается в формировании у личности уважения национальных и общечеловеческих ценностей, уважения родного и государственного языков, почтения казахского народа, культуры этносов и этнических групп Республики Казахстан.

Ключевые слова. Обновление национального облика, национальный код, идея духовного обновления, национальное воспитание, народная традиция, народное самосознание, национальная память (ұлттық жадын), национальная история и культура, общечеловеческие ценности.

National hospitality of the idea of the fervent exodus of the Kazakh people

Sh. Janzakova¹, Tahirova G.²

^{1,2}*Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov,
(Atyrau, Kazakhstan)*

Abstract

This article raises an issue of national upbringing of pupils since it is the most important condition of national image renewal, taking into account a national code maintenance and an idea of spiritual renovation of Kazakh nation.

Folk tradition is passed from generation to generation in the form of national identity, history and culture and shows the relevance of national education. The goal of national education is to make person to respect national and universal values, native and state languages, respect Kazakh people, along with culture of ethnic groups living in the Republic of Kazakhstan.

Keywords. National image renewal, national code, idea of spiritual renovation, national upbringing, folk tradition, national self-consciousness, national memory, national history and culture, universal human values.

Редакцияға 22.08.2018 қабылданды

ХҒТАР 14.35.07

Р.Қ. ҚАРСЫБАЕВА

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық құндылықтарын қалыптастырудың негізгі көрсеткіш туған елге деген сүйіспеншіліктен бастау алатыны, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуды тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді, туған жеріне көмек, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру көзделеді.

Сонымен қатар, тәрбие тұжырымдамасында айқындалған рухани-адамгершілік тәрбиесінің мақсаты: қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен, жалпыадамзаттық құндылықтармен келісілген, тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, адамгершілік қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру қамтылған.

Рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық құндылықтарын қалыптастырудың негізгі бағалау көзі, рухани-адамгершілік құндылықтарға, көпшілік мақұлдаған мораль нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына, адамгершілік шешім қабылдауына; адамгершілік тұрғыда өзін-өзі жетілдіруіне, рухани және нәтижелі қызметте шығармашылық әлеуетін іске асыруы т.б. жан жақты тоқталған.

Түйінді сөздер. Рухани жаңғыру идеясы, тұлғалық құндылықтар, тарихи сана, рухани-адамгершілік тәрбие, жалпыадамзаттық құндылықтар, этикалық ұстанымдар.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «... «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - деген ұсынысы тұлғаның бойындағы тұлғалық құндылықтарын қалыптастыруда негізгі көрсеткіш туған елге деген сүйіспеншіліктен бастау алатынын негіздейді [1].

Рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында [2], Қазақстан Республикасы білім беру мекемелерінде тәрбие берудің кешенді бағдарламасында [3], Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11

қазандағы №1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында [4] негізгі бағыттарын айқындап беріп отыр.

Сонымен қатар, тәрбие тұжырымдамасында да рухани-адамгершілік тәрбиесінің мақсаты: қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен, жалпыадамзаттық құндылықтармен келісілген, тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, адамгершілік қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Аталған тұжырымдамада рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық құндылықтарын қалыптастырудың негізгі бағалау көзі, критерийлері (қарым-қатынасы арқылы): рухани-адамгершілік құндылықтарға, көпшілік мақұлдаған мораль нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызы-

на; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; адамгершілік тұрғыда өзін-өзі жетілдіруіне, рухани және нәтижелі қызметте шығармашылық әлеуетін іске асыруына; адамгершілікке жат қылықтар, руханисыздық, бедерсіздік (нигилистік) көріністеріне; өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына; діни құндылықтарға жоғары адамгершілік байланыс орнатуы болып табылады[2].

Негізгі бөлім. Рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық құндылықтарын қалыптастыруда оқу - тәрбие жұмысының тәрбиелік әлеуетін күшейтуде оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіре отырып, қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңейту негізінде, «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуды жетілдіру арқылы, әлеуметтік, қайырымдылық жобаларды дайындау және іске асыру, волонтерлықты дамыту, педагогикалық консилиумдар, ата-аналар институты және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

«Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру; Кәсіптік және адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу, өндірістік және қоғамдық іс әрекеттерде іске асыру»[2, 6 б.].

Рухани адамгершілік тәрбие мәселесі философиялық, тарих, фольклор, психологиялық және педагогикалық тұрғыда жақсы зерттелген деп айтуға болады. Қазақстандық ғалымдар Қозыбаев М.[5], Молдабеков Ж. [6], Әмірова Ә. [7], Майғаранова Ш.М. [8], Төлеубекова Р.К. [9;13], Урунбасарова Ә.А. [10], Байсеркеев Л.А. [11], Дайрабаева А. [12], Пірәлиев С. [13; 15], Иманбаева С.Т. [13], Шолпанқұлова Г. [13], Нұрғалиева Д. [13], Скақова Р.Ә. [14], Саңғылбаев О.С. [15] т.б. еңбектерінде қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негізі Тұрмыс

- салт жырлары негізінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. Қазақ қыздарына адамгершілік тәрбие берудің ерекшеліктері Өзін тану және дамыту рухани дамыту мәселелері жан жақты зерттелген.

Рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру мәселесін зерделеуде рух, руханилық, құндылық ұғымдарының теориялық мазмұнына зерттеу жүргізілді. Академик М.Қозыбаевтың зерделеуі бойынша «рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Рухты жан қара басын күйттемейді, олар, Отан, халық, ұлт деп толғанады. ...Рух адам баласының жан дүниесінің арқауы», деп атап көрсетуі рухани жаңғыру идеясында көрсеткендей туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, Отан деп қабылдау болып табылады [5, 3 б.].

Зерттеп отырған руханилық ұғымы да педагогикалық сөздікте “Руханилық – тұлғаның екі фундаментальды қажеттілігі себептерінің жүйеде көрінуі: идеалды таным қажеттілігі мен “басқалар үшін” өмір сүру мен қызмет ету әлеуметтік қажеттілігі. Руханилық категориясымен өмірді, өзін және өмірінің мақсатын және мәнін тану қажеттілігі астасады. Адам қаншалықты осы сұрақтарға жауап іздесе және табуға тырысса, соншалықты рухани болады”, – деп атап көрсетуі де жоғарыда ғалымдардың рух, руханилық ұғымының мәнін нақтылай түседі [16, 56 б.].

Біздің алдымызға қойған негізгі міндетіміз, бастауыш сынып оқушыларының бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Құндылық кез-келген тұлғаның бойында қалыптасатын қасиеттердің негізгісі болып табылады. Құндылық тұлға, топ, әлеуметтік ортада адамгершілік ұстанымдар, мақсаттар, мен белгіленген әдістері және көрсеткіштермен нақтыланады. Тұлғабойындағы құндылықтар тұлғааралық қарым - қатынаста, іс - әрекетте, мінез-құлықта көрініс береді.

Психолог О.С.Сангилбаевтың «Адамның

өзінің құндылығы неден тұрады?» – деген сұрақ қоя отырып, талантқа, өзге біреулер басқа адамдармен қатынас орната білетініне үміт артатын болады, ал енді біреу өмірдегі және еңбектегі табыстарды қолайлы қалыптаса қалған жағдайлармен түсіндіреді.

Олардың жауаптары: адамның құндылығы тек оның істері мен әрекеттерінен ғана емес, оның үнемі өз өзімен жұмыс істей, өзін-өзі жетілдіре білуінен, өзінің мүмкіндіктерін күн өткен сайын тереңірек танып-біліп, оларды өз өмірі мен қызметінде максималды пайдалана білуінен тұрады.

Үнемі өзін тану және дамыту өзінің сарқылмас тұлғалық және шығармашылық потенциалын ашудың, осы потенциал толық шамада қолданылуы мүмкін тіршілік әрекетінің салаларын айқындаудың құралы болып табылады. Қабілетті және тіптен дарынды адамдардың, белгілі бір табыстарға қол жеткізіп алып, тынышталғанының, өз өзімен жұмыс істеуден қалғанының, осының нәтижесінде тіптен бұрынырақ қол жеткізгенінен айырылғанының талай оқиғалары белгілі. Өзін тану және дамыту құндылықтары туралы көзқарастар көптеген діни, философиялық, психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларда қарастырылған. Гуманистік бағыт алған психология мен педагогикада өзін-өзі танытуға деген қажеттілік адамның жоғарғы қажеттілігі ретінде қарастырылады, оны қанағаттандыру адамға өзін толық шамада жүзеге асыруға, оған пешенесіне өмірмен және тағдырмен жазылған борышты орындап шығуға мүмкіндік береді.

Тек осы жағдайда ғана адам өзінің өмір сүруінің мәніне ие болады, қоршаған адамдар осындай болуды таңып жатқан емес, өзі болуға қабілетті кісі болып шығады.

Отбасының, білім беру мекемелерінің міндеті ниет етілген нәтижелерге қол жеткізу мақсатында өсіп келе жатқан адамның тұлғасына тікелей әсер етуден емес, өзін-өзі құру, өзін қалыптастыру және өзін-өзі тәрбиелеуі үшін жағдай жасаудан, механизмдерін өзектендіруден тұрады», - деп отбасының, білім беру мекемелерінің мақсатында өсіп келе жатқан адамның

тұлғасына тікелей әсер етуден емес, өзін-өзі құру, өзін қалыптастыру және өзін-өзі тәрбиелеуі үшін жағдай жасаудан, механизмдерін өзектендіруден тұрады деп нақтылайды [15, 120 б.].

Ш.Ш.Майғанованың тұжырымдауы бойынша «Рухани дамыған тұлға – адамзат санасынан туындаған дүниелік құндылықтарды бойына жинақтап, сол арқылы дүниеге тұлғалық қатынастан, өмірге қанағаттанбаудан тұлға ізденіске түсіп, өзін-өзі дамытады» деп атап көрсетеді [8]. Ғалымның адамгершілік тәрбиеге берген анықтамасында: «Адамгершілік тәрбиесі – оқушылардың адамгершілік нормалары мен ережелерді меңгеруге, оларда адамгершілік сезімдерді дамытуға, адамгершілік сана мен сенімдерді қалыптастыруға, адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, іскерлікті шыңдауға бағытталған педагогикалық процесс. Бұл процестің негізгі мақсаты - жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру деңгейіне өтуі. Сонымен қатар автор: гумандылық яғни адамшылықты тәрбиелеудің басты жағдайлары ұжымдық оқу жұмысы мен қоғамдық пайдалы еңбекке оқушыларды үнемі қатыстыру, әсіресе біріне бірі қамқорлық, көмек көрсететін, әлсіздерді қорғайтын, ситуацияларды жиі пайдалануды қарастырған жөн. Тәрбие барысында жақсылық пен жамандық, абстрактылы және практикалық гуманизм, әлеуметтік, әділеттілік пен әділетсіздік туралы пікірлер, оқушылардың адамдар қарым-қатынасындағы гуманистік принциптерді түсінуіне мүмкіндік береді. Гуманистік дүниетаным жалпы сипатқа ие. Сонымен қатар автор адамгершілік тәрбиесінің маңызды элементтерінің біріне саналы тәртіп пен мәдени дағдыларды тәрбиелеуді жатқызады. Тәртіп дегеніміз адамның кез келген әрекетін ұйымдастыра білу. Тәртіп адамның қоғамдық ережелер мен тәртіпке сәйкес іс-қимылы мен өмір сүруін бейнелейді» деп атап көрсетуі, тұлғаның бойындағы құндылық қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады [8, 54 б.].

Ш.Джанзакова, Б.К.Мустафинаның «Бастауыш мектеп оқушыларының

рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру” атты еңбегінде «Өзін-өзі тану» пәні негізінде бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындай отырып, әдістемесін жасады. Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық тұрғыда негізделіп, рухани-адамгершілік тәрбиенің әдіснамалық негізін мәдениеттану, аксиологиялық және өркениеттік, бірізділік және жүйелілік, тұлғалық, этнопедагогикалық тұғырлары тұрғысынан қарастырылды. Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың руханилық, адамгершілік, адамгершілік тәрбие ұғымдарын нақтылай отырып, “өзін-өзі тану”, “өзін-өзі бағалау”, “өзін-өзі жетілдіру”, “өзіне-өзі сену”, “өзін-өзі дамыту” ұғымдарының маңызын анықтай отырып, әдістемесін ұсынды [17, 31 б.].

Қорытынды. Рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық құндылықтарын қалыптастыруда кез - келген тұлғаның бойында қалыптасатын қасиеттердің негізгісі, құндылық тұлға, топ, әлеуметтік ортада адамгершілік ұстанымдар, мақсаттар, мен белгіленген әдістері және көрсеткіштермен айқындалады. Тұлғаның бойындағы құндылық - өзін-өзі жетілдіре білуінен, өзінің мүмкіндіктерін күн өткен сайын тереңірек танып-біліп, оларды өз өмірі мен қызметінде пайдалана білуінде деп қорытындылаймыз. Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы адамгершілік құндылықтар педагогикалық үдеріс пен ата аналармен бірлесе отырып, тұлғаның адамгершілік нормалары мен ережелерді меңгеруі, адамгершілік сезімдерді дамытуы, адамгершілік сана мен сенімдерді қалыптастыруға және адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, іскерлікті шыңдауға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру /Айқын. 13 сәуір, 2013.
- [2] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Тұжырымдама. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.
- [3] Қазақстан Республикасы білім беру мекемелерінде тәрбие берудің кешенді бағдарламасы. – Астана: Ақмола полиграфиясы. 2000. – 30 б.
- [4] Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы №1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
- [5] Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- [6] Молдабеков Ж. Өзіндік таным. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2014. – 376 б.
- [7] Әмірова Ә. Бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру. – Алматы: Рауан, 2002. – 182 б.
- [8] Майғаранова Ш.М. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2014. – 124 б.
- [9] Төлеубекова Р. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы: Комплекс, 2001. – 295 с.
- [10] Урунбасарова Ә.А. Проблемы теории и практики нравственного воспитания учащихся в истории казахстанской школы и педагогики (1966-1982). Дисс. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1985. – 139 с.
- [11] Байсеркеев Л.А. Педагогические основы нравственно-правового воспитания учащихся общеобразовательных школ. Автореферат дисс. Д.п.н.. –Тараз. 1998. – 49 с.
- [12] Дайрабаева А. Қазақ қыздарына адамгершілік тәрбие берудің ерекшеліктері.//Қазақстан мектебі.– 1997. – № 5. –12-15 б.
- [13] Пірәлиев С., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г., Нұрғалиева Д. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2014. – 229 б.
- [14] Сқакова Р.Ә. Тұрмыс-салт жырлары негізінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. – Алматы, 2005. –159 б.

[15] Пірәлиев С.Ж., Саңғылбаев О.С. Өзін тану және дамыту (оқу құралы) – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2011. 250 бет.

[16] Педагогика. Қазақша түсіндірме терминологиялық сөздігі. Алматы: ROND&A баспасы, 2007. -248 б.

[17] Джанзакова Ш.И., Мустафина Б. Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (Өзің-өзі тану» пәні бойынша). - Алматы: ЖК «Сағатдинова М.Ш.» баспаханасы, 2015. 84 бет.

References

- [1] Nazarbayev, N. 2013. Direction to the future: spiritual renovation. / Aikyn.
- [2] Conceptual Framework of Education. 2015. Approved by the Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated on April 22, 2015 № 227. Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education, 21 pp.
- [3] Complex program of education in educational institutions of the Republic of Kazakhstan. 2000. Astana: Akmola polygraphy. 30 pp.
- [4] The State Program of Education Development in the Republic of Kazakhstan for 2005-2020 approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated on October 11, 2004 № 1459.
- [5] Kozybayev, M. 1994. I hit enemy, tying up with flag. Almaty. 192 pp.
- [6] Moldabekov, Zh. 2014. Self-consciousness. Tutorial. Almaty: Karasai, 376 pp.
- [7] Amirova, A. 2002. Moral education of primary school pupils. Almaty: Rauan, 182 pp.
- [8] Maigaranova, Sh. 2014. Issues of spiritual development of schoolchildren. Almaty: Science, 124 pp.
- [9] Toleubekova R. 2001. Theoretical and methodological basis of moral upbringing at the new stage of society development. Almaty: Complex, 295 pp.
- [10] Urunbasarova, E. 1985. Problems of the theory and practice of moral education in the history of Kazakh school and pedagogics (1966-1982). PhD dissertation. Almaty, 139 pp.
- [11] Baiserkееv, L. 1998. Pedagogical foundation moral and legal education of students of secondary schools. Taraz. 49 pp.
- [12] Dairabayeva, A. 1997. Features of moral upbringing of Kazakh girls. School of Kazakhstan: № 5, 12-15 pp.
- [13] Piraliev, S., S. Imanbayeva, R. Toleubekova, G. Sholpankulova, D. Nurgaliyeva. 2014. National education. Tutorial. Almaty: Abai Kazakh National Pedagogical University. 229 pp.
- [14] Skakova R. 2005. Moral education of pupils on the basis of traditional poems. Almaty. 159 pp.
- [15] Piraliev, S., O. Sangylbaev. 2011. Self-recognition and development. Tutorial. Almaty: Abai Kazakh National Pedagogical University, 250 pp.
- [16] Pedagogics. 2007. Kazakh explanatory Terminology dictionary. Almaty: ROND & A, 248 pp.
- [17] Janzakova, Sh., B. Mustafina. 2015. Formation of spiritual-moral values of elementary school students (based on 'Self-consciousness' subject). Almaty: 'Sagautdinova M.', 84 pp.

Формирование личностных ценностей учащихся начальных классов на основе идеи духовной возрождения

Карсыбаева Р.К.

*Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казакстан)*

Аннотация

В статье предусматривается, что основным показателем формирования личностных ценностей учащихся начальных классов на основе идеи духовного возрождения берет свое начало с любви к родному краю, проведение масштабной краеведческой работы в области образования, улучшение экологии, восстановление исторических памятников и объектов культуры, помощь родному краю, формирование исторического сознания молодого поколения.

Кроме того, целью духовно-нравственного воспитания, определенной концепцией воспитания, является формирование духовно-нравственных и этических принципов, нравственных качеств и взглядов личности, согласованных с традициями и нормами жизни казахстанского общества, общечеловеческими ценностями.

Подробнее останавливается основным источником формирования личностных ценностей учащихся начальных классов на духовно-нравственным ценностям, общепризнанным нормам морали, честь и долг, нравственному самосовершенствованию, принятию нравственных решений; реализации творческого потенциала в духовной и продуктивной деятельности и т.д.

Ключевые слова: Идея духовного возрождения, личностные ценности, историческое сознание, духовно-нравственное воспитание, общечеловеческие ценности, этические принципы.

Forming personal values of primary classes' students on the basis of the spiritual revival

Karsibaeva R.K.

*Candidate of pedagogical Sciences,
Associate professor Kazakh State womens teacher training University,
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

The article provides that the main indicator of the formation of personal values of primary school students on the basis of the idea of spiritual rebirth originates from the love of their native land, carrying out large-scale local history work in the field of education, improving the environment, restoring historical monuments and cultural objects, helping their homeland, forming historical consciousness of the younger generation.

In addition, the purpose of spiritual and moral education, a certain concept of education, is the formation of spiritual, moral and ethical principles, moral qualities and personal views, consistent with the traditions and norms Kazakhstan's societylife, human values.

More stops the main source of formation of personal values of primary school students on spiritual and moral values, generally accepted standards of morality, honor and duty, moral self-improvement, the adoption of moral decisions; realization of creative potential in spiritual and productive activities, etc.

Keywords: The idea of spiritual revival, personal values, historical consciousness, spiritual and moral education, universal values, ethical principles.

Редакцияға 22.08.2019 қабылданды.



Кумаржанов Алмат Мушелбаевич – профессор, режиссер хореограф

Кумаржанов Алмат Мушелбаевич – хореограф, режиссер-постановщик, профессор кафедры музыкального образования и хореографии Казахского национального педагогического университета имени Абая. Окончил Усть-Каменогорский педагогический институт, музыкально-педагогический факультет (1975), Республиканский эстрадно-цирковой колледж (1978), Казахскую национальную академию искусств имени Т.Жургенова (2005).

После окончания колледжа свою трудовую деятельность начал артистом балета Государственного ансамбля песни и танца КазССР (1978) и продолжил свою деятельность консультантом Союза театральных деятелей КазССР, музыкальным руководителем Казахского радио.

